

Жергілікті қамту, өндірістік үдерістерді тұрақтандыру, жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен жұмысқа орналастырылуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы Маңғыстау облысының әкімдігі, жұмыс беруші және кәсіподақ арасындағы
МЕМОРАНДУМ

Ақтау қ.

2015 жылғы «28» желтоқсан

Жергілікті қамту, өндірістік үдерістерді тұрақтандыру, жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен жұмысқа орналастырылуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы облысы әкімдігі, жұмыс беруші және кәсіподақ арасындағы осы Меморандум (бұдан әрі – Меморандум) бұдан әрі «Әкімдік» деп аталатын, Маңғыстау облысының әкімдігі, оның атынан облыс әкімі А.С. Айдарбаев, бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталатын, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, оның атынан бас директордың міндетін атқарушы Ж.Қ. Төлеғожаев және бас директордың бірінші орынбасарының міндетін атқарушы Юй Хунцзян, бұдан әрі «Кәсіподақ» деп аталатын, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитеті, оның атынан Төрағасы Т.Х. Айдынов, бұдан әрі бірлестіре «Тараптар» деп аталатындар арасында жасасылды.

Тараптар осы Меморандуммен төмендегілер туралы келіседі:

1 бап. Меморандумның мақсаты

Осы Меморандумның мақсаты – өндірістік кешеннің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, жұмыс орындарын сақтау, персоналды жұмыспен қамту бойынша шаралар қабылдау және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды қамтамасыз ету болып табылады.

2 бап. Өндірістік үдерістерді тұрақтандыру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын, жұмысқа орналастырылуын қамтамасыз ету және жергілікті қамтуды қамтамасыз ету бойынша шаралар

Жұмыс берушінің міндеттемелері

1. Өндірістік үдерістерді тұрақтандыру, өнім өндіру көлемін ұлғайту және еңбек өнімділігін жақсартуды қамтамасыз ету. Жергілікті қамту мәселесін ескеріп кәсіпорынды жұмыс көздерімен қамтамасыз ету.

2. Өнімдерді (жұмыстарды) өндіру көлемін қысқарту кезінде кәсіподақпен (жұмыскерлердің өкілдерімен) келісім бойынша, толық емес жұмыс уақыты режимін енгізуді қамтитын, жұмыс орындарын сақтау шараларын қабылдау.